

**«АТЫРАУ ҚАЛАЛЫҚ ПЕРЗЕНТХАНАСЫ» ШЖҚ КМК -н сыбайлас
жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау
мақсатында қызметкерлерге түсіндіру жиналыс ХАТТАМАСЫ**

Атырау қаласы.

17 қыркүйек 2024 жыл

**Комиссия төрайымы: Директордың міндетін уақытша атқарушы –
Е.К.Қарасаев.**

комплаенс офицер –Сарсенова А.

Хатшысы: Рамазанов А.

**қатынасқандар: «Атырау қалалық перзентханасы» ШЖҚ КМК
қызметкерлері**

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сай, сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылықтардың алдын алу, болдырмау, заңнама талаптарын сақтау мақсатында түсіндірме жиындар өткізу.

Жиналыс төрағасы Е.К.Қарасав сөз бастады: Қайырлы күн!.ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына сәйкес, квазимемлекеттік сектордың қызметшілері сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл агенттігінің субъектілері болып табылады. Лауазымды тұлғалар мен жұмыскерлер ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың ережелері туралы хабардар етіледі және сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар мен рәсімдерді қалыптастыруға және іске асыруға белсенді қатысуы керек. Әр қызметкер ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қатаң сақтау керек.Еңбек тәртібінің сақталуын, жұмысқа келіп кету уақытын анықтайтын биометриялық құралдың қондырылатынын, қатаң тәртіп, бақылау болатындығы түсіндірілді. Сонымен бірге Атырау облысы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет департаментінің медициналық ұйым қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізген сыртқы талдау қорытындысы талқыланып, қызметкерлердің қосымша жұмыстарының жұмыс уақытының қатаң сақталуы талап етілді.

Биылғы жылдан бастап кәсіпорынға комплаенс офицер жұмысқа алынды. Оның мақсаты ұжымда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру. Ұжымда түсіндірме жұмыстарын тұрақты түрде өткізіп тұру. Екінші сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Сонымен бірге, Еңбек Кодексінің талаптарына және ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы №1053 «Ауыр жұмыстардың, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстардың тізбесін, жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығына жыл сайынғы ақы төленетін қосымша еңбек демалысына және еңбек ақы төлеудің жоғарылатылған мөлшеріне құқық беретін өндірістердің, цехтардың, кәсіптер мен лауазымдардың тізімін, сондай-ақ оларды беру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес, медициналық қызметкерлердің жыл сайынғы еңбек демалыс күндері нақтыланды.

Комплаенс офицер А.Сарсенова:

Лауазымды адамдар мен қызметкерлер, мүдделер қақтығысына байланысты тәуекелдердің іске асырылуын болдырмау және оларды реттеу бойынша шаралар қабылдау керек. Өзінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде ұйым мүдделерін басшылыққа алу және олардың жеке мүдделері қоғам мүдделеріне қайшы келетін жағдайлардан немесе мән-жайлардан аулақ болу. Егерде мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда осы ақпаратты тікелей басшысына не жоғары тұрған басшылығына жазбаша нысанда жеткізу керек. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы ақпаратқа ие адам өзі қызметкері болып табылатын мемлекеттік органның не ұйымның басшылығына не сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға хабар береді. Қызметкерлер өзге қызметкер, сондай-ақ үшінші тұлға сыбайлас жемқорлық іс әрекет жасауға итермелеу фактілері туындаған жағдайда және /немесе қызметкерді сыбайлас жемқорлық іс әрекет жасауға көндіруге қатысты белгілі фактілер немесе күдіктер туралы ақпараты бар болса, маған сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс офицеріне дереу хабардар етуге міндетті екенін айтты. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған үшін тиісті жауапкершілік шаралары қолданылған лауазымды адамдары мен қызметкерлері, заңды күшіне енген ҚР соты шешімінсіз, келтірілген материалдық залалды өтеуден босатылмайды, деп түсіндірді.

Мемлекеттік органның, ұйымның басшылығы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы келіп түскен хабарлама бойынша заңға сәйкес шаралар қолдануға міндетті екенін айтып көрсетті.

Сұрақтар туындаған жоқ.

Жоғарыдағылардың негізінде

Жиналыс жабық деп жарияланды.

Төрағалық етуші:



Қарасаев Е.К.

Хатшы:



Рамазанов А.